

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сад Г.К.Сағпазова

Мерекелік ертеңгіліктің сценарийі
Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Өткізген № 3 «Ботақап»
ересек тобының
тәрбиешісі Кулибаева Г

2022-2023 оқу жылы

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме , құрметті ата-аналар ,балабақша ұжымы , кішкентай бүлдіршіндер!Сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз .Жаңа жыл отбасымызға жаңа нұр ,жаңа шуақ ,табыс пен береке ,қуаныш пен шаттық ала келсін дейміз.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа орап алды маңайды ,
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді!
Бақыт,шаттық,молшылық әкелсін .
Бәрімізге арайлы .

«Ботакан» ересек тобының «Қош келдің, жаңа жыл» атты ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

(Балалар қол ұстасып безендірілген залға барыспен бірге кіреді)

Жүргізуші: Қарандаршы балалар ,айнала неткен әдемі ,мына шырша ойыншықтары алуан түрлермен безендірілген .Барлығымыз әп-әдемі жаңа-жылдық киім киіп келгенсіздер .Балалар мен сіздерден сұрап отейін .Балалар қазір жылдың қай мезгілі ?
Қыс мезгілінде қандай мереке тойлаймыз?жарайсындар балалар .Жаңа жыл мерекесіне кім жетіспейді ?

Балалар: Аяз ата

Жүргізуші: Олай болса Аяз атаны ортаға шақырайық.Аяз ата (3 рет)
(Аяз ата Ақшақармен бірге кіріп келеді)

Аяз ата : Аяулы ата-аналар ардақты ұстаздар ,бүлдіршін балаларға бір сәлем
Қандай жарқын жүздерің.
Қандай әсем жырларың .
Асулармен алысқан ,
Аталарың сендерге ,
Шаршап келді алыстан .

Ақшақар : Амансындарма балалар ,тәрбиешілер ата- аналар .Өздеріңді сағынып келдік . Жаңа жылдарыңыз құтты болсын ,өтіп кеткен барыс жылына аман-есен саулық тілеп , келер жылымыз қоян жылына табысты , бірлік әкелсін деп , тарихи жыл болсын деймін .

Жүргізуші:Сәлеметсіз бе Аяз ата !Ақша қар жаңа жыл мерекемізге қош келдіңіз , сізге арнап балаларымыз ән-тақпақ жаттап келген ақшақармен бірге тамашалаңыз. Балалар өнерлерімізді көрсетеміз бе?

Жүргізуші: Аяз Ата, Ақшақар біздің шыршамыз әдемі болғанымен көңілсіз.
Неге оның шамы жанбайды?

Аяз Ата: Кәне, балалар шырша шамшарын жағып, шыршаны көңілдендірейік.

Қуант, бізді, таңырат

Шамдарыңды жарқырат! 3 рет

Жүргізуші: Ендігі кезекті бүлдіршіндеріміздің орындауында әнге кезек берейік.

Ән: Шырша жыры

Жүргізуші: Енді кезекті шырша туралы тақпақтарға берейік.

Раййана

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын,

Төрле-төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Аянат

Тамаша-тамаша,

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы.

Көз тоймайды санаса.

Айару

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген.

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз!

Саруар

Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған.

Дарина

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға

С.Айым

Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып,

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

Қоян: Сәлеметсіздер ме! мен жаңа жыл қоянымын.(Қоян кіріп келеді)
Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен
Дос болайық шаттанып.

Жүргізуші: Балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің барыс жылымен қоштасатын уақытта келіп қалды.
«Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін» деп ескі жылымызды қарсы алайық. Барысжан сенімен де қоштасатын кез келді.

Барыс жылы : Мен ескі жылмын сіздерге бақыт молшылық әкелдім . Мына келер жылға айтар тілегім.
Қуанышта ортамыз сазға ұласқан
Тілегім мәңгі болсын ашық аспан .
2023 жыл қадам басқан
Гүлденіп көркейебер Қазақстаным.
Келесі жыл бастауын қоянға беремін .

Барыс: Қоштасып шығып кетеді.

Барлығы :Қош бол барыс ,қош бол !

Жүргізуші :Қош келдің, жаңа жыл !

Аяз ата : Ал айналайын жаңа жыл келген қадамыңа нұр бітсін .Мынау менің ұлдарым мен қыздарым мынау саған аманат .Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойнында . Жақсы жыл бол жаңа жыл . Бәрекелді жаңа жылым .
Төрімізге шық ,бәрімізге жаңа бақыт ,жаңа қуаныш ала кел .

Қоян : Құрметіңізге рахмет !Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын .Байқаймын барлықтарыңыз мерекеге жаксы дайындалыпсыздар.

Жүргізуші: Енді кезекті балаларымыздың қоянға арналған әніне кезек берейік.

Ән: Ақ қоян

Түлкі мен Аққала бірге кіреді .

Аққала : Мен балалармен далада ойнап жүр едім .Балалар маған қолғап сыйға берген .Мына Түлкіжан қолғапты бере тұршы көрейін деп айтып еді.
Мен оған қолғабымды беріп едім бір сыңарын жоғалтып жіберді .

Түлкі : Жоқ-жоқ мен қолғапты жоғалтқан жоқпын. Ол қоянға бердім, аязда қолы тоңып қалмасын деп.

Жүргізуші: Жарайды достар таласпаңдар. Қарандаршы, менің қолымда әдемі қолғаптар бар. Ендеше кезекті «Сыңарын тап» деген ойынға берейік. Балалармен бір ойын ойнап жіберейік, содан кейін қолғаптың сыңары табылып қалар.

Аққаламен ойын : Сыңарын тап

Абдурасул

Бақдаулет

Аниса

Саруар

Жанерке

Жүргізуші: Аққала, мына қолғапты сен ала ғой, аязда қолың тоңып қалмасын, қалған қолғаптарды Түлкі сен ала ғой, ормандағы достарыңа берерсің. (Осылайша түлкі қоштасып шығып кетеді)

Жүргізуші : Кезекті балалардың тақпақтарына берейік .

Керім

Жаңа жыл, Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Аниса

Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер,

Ауырмандар ешқашан,

Мықты болып өсіңдер!

Т.Айым

Оралдың өлкеме,

Жаңа жыл, армысың.

Оранды ақ көрпеге

И. Айзере

Тілеймін мен бар әлемге,

Дос көп болсын Жаңа жыл.

Ата-әже, ата-әже,

Құтты болсын Жаңа жыл.

Абдурасул

Ал, балалар билейік,
Ойнайық та, күлейік.
Аяз ата қуансын,
Такпақ айтып берейік!

Т.Айзере

Тамаша сый алып,
Келді Аяз атамыз
Шаттанып, қуанып
Шырқап ән айтамыз.

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар!

Жүзімізге күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз. Келесі кезекті жеке ән Перизаттың орындауында
«Жаңа жыл» әні.

Жүргізуші

Не ойласаң жаңа жылда,
Орындалады бар арман.
Жаңа жылды сондықтан,
Күтеді барлық бала.
ұлдарымыздыңда биін тамашалайық «Буратино» биіне кезек берейік

Жүргізуші: Жарайсындар, кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік.

Нұрхан

Келді міне Жаңа жыл,
Қарсы алайық бәріміз.
Күліп ойнап, би билеп,
Ән салайық бәріміз.

Аңсаған

Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей,
Қызыл ала шапаны
Сағындым аяз атаны!

Ержан

Әкелсін жыл ырыс құт
Әлемде болсын тыныштық
Ән салайық жаңаша
Жаңа жылым тамаша!

Жанерке

Қараңдар мынау шыршаға,
Неткен әсем көрікті.
Жаңа жылдық думанға,
Аяз ата келіпті.

Перизат

Аппак,Аппак жапалақтап
Қар жауады тынбастан.
Қалың орман қар жамылған
Маужырайды түнгі аспан

Бағдаулет

Келді тағы жаңа жыл
Қуантуға біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймын сіздерді

Жүргізуші

Ғажайып күн ой неткен,
Мереке ғой біз күткен.

Ән айтайық билейік, көтеріңкі көңіл күймен. Мың бұралған биші
қыздарымыздың «Снижинка» биіне берейік.

(Қоян мен Аққала ойнатады) балалар мен сендермен ойын ойнағым келіп
тұр.(Нұрхан,Дарина)

Ойын: «Аққала құрастыру»

Шарты: Ойынға екі бала қатысады. Дөңгеленіп тесілген коробкадан екі
қолын шғарып, дөңгеленіп қиылған қағаздардан аққала бейнесін
құрастырады.

Жүргізуші: Жарайсындар ,балалар! Ойынды керемет ойнайды екенсіңдер,
Қоян, Аққала сіздерге рахмет балаларымыздың көңілін көтердіңіздер!

Аяз - Ата: Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді, өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігіміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!! Біздің балаларымыздың флешмоб биімен қоштасуға рұқсат етіңіздер

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

№3 ересек тобының тәрбиешісі Кулибаева Г.

